

# АНАТДП

Үлкөн Тәзептің

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## Жер кіндігі туралы жыр



Ең алдымен, тарихқа сәл шегініс жасайықшы. Откен ғасырдың 1975 жылдарының күзді. Нақ осы жылы Ұлы Жеңіске – 30, Байқоңыр ғарыш кешенінің игерілгеніне 20 жыл толып, одақ көлемінде кең сипатта атальп өтті. Сұрапыл соғыстан бойын тіктеген, Отан қоймасына миллиард пүт алтын дән құйған Қазақстанның даңқы дүние жүзіне жердің тұнғыш серігімен, космос кораблімен, кеңістікке Юрий Гагариндей азаматын ұшырған Байқоңыр ғарыш айлағымен дүркірек жайылған еді. Эу басында әскери қорғаныс маңыздылығына орай аталған нысан өте құпия жағдайда сақталғанмен, бертін келе әлемдегі барлық дерлік БАҚ жарыса жазғаны белгілі. Енді оны сылап-сипап бүркемелеудің қажеті де қалмаған еді. Жасыратыны жоқ, қазақ қаламгерлері үшін ғарыш та соны тақырып болатын. Ғылыми жаңалығы жағынан дүние жүзі қауымдастырының қызығушылығын тудырып, назарын ерекше аударған Байқоңырдың кереметін ең алдымен қазақ, қала берді одақ оқырманына таныстыру міндеті алға тартылды.

Республиканың сол тұстағы бірінші басшысы, әдебиет пен өнердің жанашыры Д.А.Қонаев осы бір жауапты істі бұған дейін «Мен қазақтың» эпикалық дастанымен көзге түскен дарынды ақын Жұбан Молдағалиевке сеніп тапсырғаны, жол сапарына қамқоршы болғандығы автордың 1977 жылы жарық көрген «Байқоңыр баспалдақтары» дастанынан айқын аңғарылады. Бұл уәжімізді осындағы «Жібектей өрілген бермеді ой, қыстай тыным, жаздай тыным, білмеймін жыр боп қалай маздайтынын. Соны айтып

**республика басшысына, әдетім көріп алмай жазбайтұғын... Жол болсын! – деді, басшы бірден қоштап, – Жоқ елдің ақынынан жасырары» деген жолдар айғақтай түседі.**

### **«БАЙҚОҢЫР БОЛСА КОСМОС МЕККЕСІНДЕЙ...»**

Сонымен, республиканың сарабдал бірінші басшысынан арнайы партиялық, қаламгерлік тапсырма алған ақиық ақын оңтүстік-батысты бетке алып, Байқоңырға «шүү» деп тартып кетеді. Қоңыр салқын бөлмеде саусағын сорып отырып, жазуды ұнатпайтын Жұбан ағамыз космос Меккесі атанған Байқоңыр космодромын, ондағы соның бойтұмарында болған «Гагарин үйін» өз көзімен көруді, космонавтика төңірегіндегі әскери мамандар және ғалымдармен тілдесуді, бұйыртса, болашақ дастанның кейіпкерін іздең тауып, онымен ағынан ақтарыла сырласуды мақсат тұтады. Алла сәтін салып, діттеген мұратына жетеді, жортқанда жолы болады. «Басты кейіпкерім сол өңірдің көнекөз қариясы, жұмысшы табының өкілі, кейінгі жиырма жылда бой көтерген ғарыш айлағының жанды қуәгері болса екен», – деген іштей ниет еткен арманы орындалады. Осында талапқа толық сай келетін Исақұл ақсақалды жолықтырып (қарияның шын есімі – Ишанқұл. Ақын кеңестік идеология қысымымен оны Исақұл деп атаған. Автор), оның отбасында болады. Өмір дерегімен, еңбек жолымен кеңінен отырып танысады. Сырдарияның бойын жайланаған, күй атасы Қорқыт бабаның қобызының сарыны қалған жерді ғасырлар бойы мекендереп келе жатқан елдің арғы-бергі тарихымен кеңінен танысады. Аз күнгі іссапарында көремін деген жерлерін көріп, сырласамын деген жандармен сырласады. Болашақта жазылар дастанына лайықты деген деректерді толықтай жинап алғаннан кейін барып, ақбас Алатаудың етегіндегі Алматысына қайта оралады.

### **«ЖОҚ ӨЛЕҢ ТОЛҒАҒЫНАН АУЫР ТОЛҒАҚ»**

Қызықты қараңыз, таңдансаңыз да өзіңіз біліңіз, 1975 жылдың нәтижесі араға білдей екі жыл салып, 1977 жылы «Байқоңыр баспалдақтары» поэмасы болып дүниеге келеді. Алғаш рет республикалық «Жұлдыз» журналының №7, №8 сандарында жарияланады. Сол күзде жеке кітап болып шығады. Ал 1979 жылы орыс тіліне аударылған нұсқасы бір топ өлеңдермен бірге «Жалын» баспасынан жарық көреді. Ақын бұл шығармасының сәл де болса кешіктірілу себебін аталған поэмада: «Жоқ өлең толғағынан ауыр толғақ, келмейді кейде оның дауылы айдап», – деп түсіндіреді. Ақын атаулының адымы шамырқанған шабытсыз ашылмайтындығын: «Іздейді көктен шабыт, жерден шабыт, өлеңнің кетпесін деп құсы адасып», – деген бұлтартпайтын дәлелмен жеткізеді. Хош делік, қазіргі заман, онда да космонавтика тақырыбына алғашқы түрен салған жаңашылдығымен, қазақ даласының өткені мен бүгінгі тарихына терең бойлай білуімен, эпикалық кең ауқымдылығымен, көркемдік шеберлігімен ерекшеленген бұл туынды қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс болды десек, асыра айтқандығымыз емес. Сөзіміз

әсіреқызыл да сырғақ болмас үшін аталған поэмалың өзге туындылардан ерекшеленетін көркемдік жақтарына аз-кем тоқталайықшы.

Нардың, тіпті оны айтасыз, космос дәуірінің жүгін қалам қуатымен ар, намыс биігіне дейін көтере білген поэма: «Исақұл мен ақын», «Байқоңыр таңы», «Космоста – Гагарин», «Исақұл мен Қорқыт ата», «Бұл жолдың басы бар да, жоқ ақыры» атты бес тараудан тұрады. Діттеген ойымызға жету және дауылпаз ақынның Байқоңыр тақырыбын аспандата көтерудегі мақсат-мұратына қанығу үшін осы тарауларға азды-көпті сипаттама беріп, талдау жасап көрейікші.

Поэмалың беташары саналатын «Исақұл мен ақын» тарауын ел сенімін арқалаған ақынның қисынын таба отырып, «Түрксіб шпалдары, бесжылдықтар бүгінгі «Байқоңырдың баспалдағы», – деп тұздықтата жеткізген идеясының ашылар кілті, сатыланып жалғасып кетер баспалдағы десе болады. Ал сол алғашқы бесжылдықтың бел баласы – Түрксіб болат жолының құрылышына қатысып, шпалын төсескен ақсақалдың бірі – 75 жастағы Исақұл қария. Бертінде Мойынты-Шу шойын жолын салуға қатысқан. Төрт жыл майданның өтінде болған. Әлемді таңдандырып, Байқоңырдан ұшырылған алғашқы жер серігі мен «Восток-1» космос кораблінің қуәгері. Заңғар көкке тұңғыш рет көтерілген Юрий Гагаринді жүзбе-жүз көрген жан. Өмір дерегі бай, өсіп-өнген өнегелі жан. Ақын қадірменді ақсақалдың образын ашу тұсында «Есімде әр сөзің, бет құбылысың, қуәгер бір ғасырға қыр ұлысың. Қөрдің сен жер тістеген мешеулікті, жастардың жаңа дүние құрылышын» деп суреттейді.

Орынды жерінде әңгіменің желісіне берілген автор да ағынан ақтарылып: «Миллионның бір басқышы Байқоңырдың, кім білген поэзия толы шығар» деуі арқылы осы бір иглікті істе қаламгер ағайындардың да үлесі бар дегенді қисыннатады. Космонавт аталуының космосқа артық жүк апаруы қыын. Ал есесіне жүрекке сыйған жырды апаруы оңай дей келіп, поэзияның адам өміріндегі алар орнын аспандатады.

Дастанның «Байқоңыр таңы» тарауы «Апрель. Он екісі. Таң да жуық» деп басталады да, дала қойынан жарқ етіп атылған бөлек таңдан космос кораблінің ұшынуан хабардар етеді. Ол дегеніңіз, казақ аспанынан шыққан кесек күн еді дейді. Қыраттағы жалғыз тұлға – ғарышқа самғағалы тұрған космос кораблі екендігін жеткізеді. Старт алаңының жанындағы сіріңкенің қорабындей екі үйшіктегі бөлме конструктор С.Королевтің бақылау орны екендігін айтады. Сонау 1961 жылғы 12 сәуір – тұңғыш космос таңының атуы, космос дегеніміз – Королев, сосын Гагарин деген ұғым екенін шегелей түседі. Құлагердің шабысындей шабытқа берілген ақын қызды-қыздымен қиялға беріліп, «Қонады Луноход Айға барып, жетеді корабльдер Шолпанға да» деп адамзат ақыл ойының шарықтап өсе беретініне шүбә келтірмейді. «Доп емес, жер

мәңгілік тіршілік ол, дүниеде күш жоқ сені қорқытатын. Жер – Ана, біз, адамзат тұлегіміз, үстінде еңбегіміз, тілегіміз» деген ақын адамзат атаулыны жер бесігімізді сақтай білуге шақырады.

### **«ЖЕР-ЖҮРЕК ӨЛМЕЙДІ ДЕ, СӨНБЕЙДІ ДЕ...»**

«Кеткендей жер қарқырап, тау жарылып, алапат асты-үстіне аударылып» деген автор Исақұл қариямен осы бөлімде қайта табысады. Космос кораблінің заңғар көкке ұшуын ардақты ақсақалдың түйсігімен «Исекең «е» деп мұртын сипап қойды, әкелді не болжамға, қайда көңіл» деп жеткізеді.

Әуе кораблінің ішінде жерге, оның сұлулығына танырқаған Юра, ал жерде көкке көз тігіп, қиялға берілген Исақұл қария тұр. Ақын осы тұстағы тебіренісін: «Секілді адам» деген сөз қайда да, бір-ақ ат, бір-ақ мақтан, бір-ақ міндеп» деп жеткізе отырып: «Қуандық қол мен мидың құдіреті үшін, ел үшін, жаңа ерлікке жаршы, адамзат» деуі арқылы толқиды, шаттанады, ризашылық сезімін білдіреді. Адамзат баласының тұңғыш рет космосқа ұшқаны туралы, дүниені дүр сілкіндірген, радиодан жер шарына тараған хабарындағы «Байқоңыр космодромынан ұшты» деуі Исақұлдай тарланың құлағына жағады. Қазақ жерінің аты эфирде аталғанда кеудесінде мақтаныш сезімі оянады. Зулап орбитаға шыққан Гагариннің: «Ғажап!» (Прекрасно!) деп жерге қайран қалуын қалт жібермеген ақын Гагаринге «Космостың тұңғыш жиһангезі», – деп баға береді. Миллиардтаған адам өмір сүріп отырған жерді өмірге, Анаға балайды. «Жер-жүрек өлмейді де, сөнбейді де, жармасса жауыздықтың запыраны», – деп түйінді сөзін айтады.

Құлашының кеңдігімен, нөсер жауындай төкпелігімен, дауылпаздығымен, төкпе жырда құйындана шаба білетіндігімен қазақ поэзиясының Құлагері атанған Ілияс ақынның үрдісін жалғастыруышы Жұбан Молдағалиевтің тапқырлығы сол – дастаның төртінші бөлімінде бұдан мың жыл бұрын жасаған Қорқыт бабаны тарих сахнасына алып шығады.

Байқоңыр баспалдақтарын қаласқан, еңбектің аңы дәмін, сұрапыл соғыстың зардабын тартқан Исақұл қарияға: «Мен, балам, Қорқыт атаңмын», – деді сол мұнды қобыз – үн» деп іштей тілдестіреді. Ал кейінгі үрпағының қамын жатпай-тұрмай ойлаған, осы жолда қырық жыл бойы ажалдан қашып жүрген Қорқыт баба іштегі сырын сақтаған лебізінде. «Желмая мініп, ақ таң боп, іздедім бақыт Жерүйық» деп тұн үйқысын төрт бөлгені, әйтсе де «Өлім аш, өмір тоқ екен» деген байламға келгенін де жасырмайды. Бұл кестелі ойды ақын «Керуен жылдар көшеді, үрпақтар өсіп-өнеді» деп толықтыра, жетілдіре түседі. Келесі бір сәтінде «Байқоңыр сондай бір қазық, сүйемі қазақ жерінің» деген жолдармен ғарыш айлағының қазақ топырағына ірге тепкенін мақтаныш сезімі арқылы білдіреді. Осы тараудағы айтылар ойды «Ұлы елдің алақанында, Байқоңыр жаңа ақының» деп түйіндейді.

**«БҰЛ ЖОЛДЫҢ БАСЫ БАР ДА, ЖОҚ АҚЫРЫ»**

Дастаның «Бұл жолдың басы бар да, жоқ ақыры» тарауы ақының қазақ ақынының ғарыш тақырыбына арнаған кесек шығармасының түйіні десе болғандай. Негізінен мұнда космосқа тұңғыш адам ұшқан 1961 жылдан кейінгі, 1977 жылға дейінгі аралықтағы Байқоңыр ғарыш айлағының бедерлі бейнесі суреттеледі.

Автор осы тарауда басты кейіпкер Исақұл қариямен қайта табысады. «Қалды есте қария да – Исақұл ма? Қонаққа тарту болып домбырасы» деп бірінші тараудағы дастарқан басындағы жарасымды отырысты еске түсіріп кетеді. Қазақтың жаны саналатын домбыраға сипаттама береді. Дастаның аяқталар тұсындағы «Бұл жолдың басы бар да, жоқ ақыры, космосқа мәңгі Адамның қол артты ұлы» деген жолдар арқылы космос тақырыбына арналған беташар дастан енді ғана бас-талды, ол әрі қарай жалғасын табады деген ойды меңзейді. Атамекен жұртының, тау мен тасының ыстық болатындығын, оған қашан да тәнті екенін «Қазақта құтсыз, құнсыз жер жоқ екен, бәтшағар Бетпақта да гүл атады екен» деп туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіреді. Ақын аталған дастан, көтерген тақырып табиғатын одан әрі қарай жұмбақтауды артық санап: «Космостан жерді көру арман», – дейсің – қанат қып Байқоңырдың баспалдағын. Берейік мұны ұрпаққа, өрен ұлға-ақ, әйтеуір қазақтың көрері хақ» деп ішкі арманын жайып салады. Ел ертеңіне ақынның сонау 1977 жылдың өзінде алдағы күндерге үміт артып, сәуегейлік танытқаны араға 14 жыл салып шындыққа айналады. Кереметті қараңыз, 1991 жылдың күзінде қазақтың ержүрек батыр ұлы Тоқтар Әубекіров космосқа сапар шегеді. Ұзамай-ақ қазақ ғарышкерлері қатарын толықтырған Талғат Мұсабаев ғарыш кеңістігінде Абайдың «Айттым сәлем, қаламқас» әнін шырқады. Қазақ ғарышкерлері қатарын енді бір топ дарынды жас толықтырғалы отырғаны да дәтке қуат. Ал 2006 жылдың ортасында қазақтың тұңғыш жер серігінің космосқа көтерілуі елеулі тарихи оқиға болып саналады. Автор аталған дастанын «Космос – ол майданы емес бәсекелі» деген түйінді, салмақты да тұжырымды ойымен аяқтайды, қорытындылайды.

### **ИШАНҚҰЛ АТА ТУРАЛЫ СЫР**

Ақын ақын Жұбан Молдағалиев дастанының басты кейіпкері – 75 жастағы Исақұлға қой көзді, еңселі бойлы, кең иықты, құбаша жүзді, саусақтары тобылғы топшысындей, жұдырығы томардай деп сипаттама береді. Жан дүниесінің дархандығын төртеуінің (горком хатшысы, генерал, ақын мен кейіпкер) басы қосылған дастарқан үстіндегі ниет ықыласы мен сөз саптауы арқылы жеткізеді. Прототипі – Ишанқұл Дәулетов Сыр өнірінің төл тумасы. Мағыналы ғұмырын темір жол құрылышына арнаған, құрыш білекті теміржолшы. Әу басында Түрксіб, бертін келе Мойынты-Шу шойын жолын салу құрылышына қатысқан. Кейінгі ірге тепкен жері – Байқоңыр айлағындағы Төретам темір жол бекеті. Аталған бекет Қызылорда облысы Қазалы мен Қармақшы аудандарының дәл ортасына, күй атасы Қорқыт бабасының кілеммен

жүзген Сыр Ананың жағасына орналасқан. Жиырмасыншы ғасырдың құрдасы саналатын Ишанқұл қария ел мен жердің тарихына бала жасынан қанығып өседі. Есейген шағында төрт жыл қан майданның дәл ортасында болады. Шойын жолдың бойындағы, онда да Төретам стансасындағы еңбек жолын жалғастырады, зейнеткерлікке шығады. Байқоңыр ғарыш айлағын қалай игерілгенің жанды куәгері. Алланың берген ризығымен жақсы жасап, жақсы қартаяды. Бәйбішесі Қаншайым екеуі екі ұл, төрт қызы тәрбиелеп өсіреді. Осы екі ұлдың біреуі – Дабыл Дәuletov әке жолын қуып, теміржолшы атанды. Дәuletov Дабыл Ишанқұлұлы (марқұм) кейінгі жиырма жылдың бедерінде ұл-қыздарым алысқа сабылмай, жақын жерде оқысын деген мақсатпен Төретам стансасынан қоныс аударып, Алматының іргесіндегі Қайрат стансасына (Іле ауданы) ірге тебеді. Осылайша Сыр перзенті Жетісу перзенті атанады. Ұзақ жыл Байсерке стансасында бекет кезекшісі болып жұмыс істейді. Бертінде зейнеткерлікке шығады. Тындаған құлаққа Дабыл ағаның да Байқоңыр жайлы, жоғарыдағы дастанның жазылу тарихы жайлы айтары, бөлісер сырды мол-ақ еді, әттең... Бір кем дүние.

## ТҮЙІН

Коммунистік партияның кіші ұлттардың аузын аштырмайтын өктем идеологиясы дәуірлеп тұста мың өліп, мың тірілген халықтың перзентімін, «Мен қазақпын» деп жар салған, кешегі қанға бөккен Желтоқсан оқиғасының күнәһары Г.Колбинге кемшілігін тайсалмай бетіне шыжғырып басқан арынды ақын Жұбан Молдағалиевтің жоғарыдағы дастанында аталған ғарыш айлағына – 68 жыл, тұңғыш адам Ю.А.Гагариннің космосқа үшқанына 62 жыл толып отырған тұста қайталай ой сарабынан өткізудегі мақсат – майдангер азамат, Жұбан ақын мен оның басты кейіпкері, тарлан теміржолшы Ишанқұл ақсақалдың рухына тағы бір бас ию болатын. Көпшілікке мәлім, 2005 жылы Қазақстан мен Ресей Президенттерінің қатысуымен Байқоңыр ғарыш айлағының елу жылдық мерекесі Байқоңыр қаласында жоғары мәнде аталып өтті. Осы достық кездесу тұңғыш жер серігі ұшырылған сәтте де қайталанды. Мемлекет басшылары аузынан Қазақстанның бүгінгі таңда космос державасына айналғаны мақтаныш сезіммен айтылды. Ғарышкерлер қатары бертінде жетісулық Айдын Айымбетовпен толыққаны мақтаныш.

Ең алдымен, тарихқа сәл шегініс жасайықшы. Өткен ғасырдың 1975 жылдарының күзі. Нақ осы жылы Ұлы Женіске – 30, Байқоңыр ғарыш кешенінің игерілгеніне 20 жыл толып, одақ көлемінде кең сипатта аталып өтті. Сұрапыл соғыстан бойын тіктеген, Отан қоймасына миллиард пүт алтын дән құйған Қазақстанның даңқы дүние жүзіне жердің тұңғыш серігімен, космос кораблімен, кеңістікке Юрий Гагариндей азаматын ұшырған Байқоңыр ғарыш айлағымен дүркірей жайылған еді. Эу басында әскери қорғаныс

**маңыздылығына орай аталған нысан өте құпия жағдайда сақталғанмен, бертін келе әлемдегі барлық дерлік БАҚ жарыса жазғаны белгілі. Енді оны сылап-сипап бүркемелеудің қажеті де қалмаған еді. Жасыратыны жок, қазақ қаламгерлері үшін ғарыш та соны тақырып болатын. Ғылыми жаңалығы жағынан дүние жүзі қауымдастырының қызығушылығын тудырып, назарын ерекше аударған Байқоңырдың кереметін ең алдымен қазақ, қала берді одақ оқырманына таныстыру міндеті алға тартылды.**

Республиканың сол тұстағы бірінші басшысы, әдебиет пен өнердің жанашыры Д.А.Қонаев осы бір жауапты істі бұған дейін «Мен қазақпын» эпикалық дастанымен көзге түскен дарынды ақын Жұбан Молдағалиевке сеніп тапсырғаны, жол сапарына қамқоршы болғандығы автордың 1977 жылды жарық көрген «Байқоңыр баспалдақтары» дастанынан айқын аңғарылады. Бұл уәжімізді осындағы «Жібектей өрілген бермеді ой, қыстай тыным, жаздай тыным, білмеймін жыр боп қалай маздайтынын. Соны айтып республика басшысына, әдетім көріп алмай жазбайтұғын... Жол болсын! – деді, басшы бірден қоштап, – Жоқ елдің ақынынан жасырары» деген жолдар айғақтай түседі.

### **«БАЙҚОҢЫР БОЛСА КОСМОС МЕККЕСІНДЕЙ...»**

Сонымен, республиканың сарабдал бірінші басшысынан арнайы партиялық, қаламгерлік тапсырма алған ақының ақын оңтүстік-батысты бетке алып, Байқоңырға «шүү» деп тартып кетеді. Қоңыр салқын бөлмеде саусағын сорып отырып, жазуды ұнатпайтын Жұбан ағамыз космос Меккесі атанған Байқоңыр космодромын, ондағы соның бойтұмарындағы болған «Гагарин үйін» өз көзімен көруді, космонавтика төңірегіндегі әскери мамандар және ғалымдармен тілдесуді, бұйыртса, болашақ дастанның кейіпкерін іздең тауып, онымен ағынан ақтарыла сырласуды мақсат тұтады. Алла сәтін салып, діттеген мұратына жетеді, жортқанда жолы болады. «Басты кейіпкерім сол өңірдің көнекөз қариясы, жұмысшы табының өкілі, кейінгі жиырма жылда бой көтерген ғарыш айлағының жанды қуәгері болса екен», – деген іштей ниет еткен арманы орындалады. Осында талапқа толық сай келетін Исақұл ақсақалды жолықтырып (қарияның шын есімі – Ишанқұл. Ақын кеңестік идеология қысымымен оны Исақұл деп атаған. Автор), оның отбасында болады. Өмір дерегімен, еңбек жолымен кеңінен отырып танысады. Сырдарияның бойын жайланаған, күй атасы Қорқыт бабаның қобызының сарыны қалған жерді ғасырлар бойы мекендей келе жатқан елдің арғы-бергі тарихымен кеңінен танысады. Аз күнгі іссапарында көремін деген жерлерін көріп, сырласамын деген жандармен сырласады. Болашақта жазылар дастанына лайықты деген деректерді толықтай жинап алғаннан кейін барып, ақбас Алатаудың етегіндегі Алматысына қайта оралады.

### **«ЖОҚ ӨЛЕҢ ТОЛҒАҒЫНАН АУЫР ТОЛҒАҚ»**

Қызықты қараңыз, таңдансаңыз да өзіңіз біліңіз, 1975 жылдың нәтижесі араға білдей екі жыл салып, 1977 жылы «Байқоңыр баспалдақтары» поэмасы болып дүниеге келеді. Алғаш рет республикалық «Жұлдыз» журналының №7, №8 сандарында жарияланады. Сол күзде жеке кітап болып шығады. Ал 1979 жылы орыс тіліне аударылған нұсқасы бір топ өлеңдермен бірге «Жалын» баспасынан жарық көреді. Ақын бұл шығармасының сәл де болса кешіктірілу себебін аталған поэмада: «Жоқ өлең толғағынан ауыр толғақ, келмейді кейде оның дауылы айдал», – деп түсіндіреді. Ақын атаулының адымы шамырқанған шабытсыз ашылмайтындығын: «Іздейді көктен шабыт, жерден шабыт, өлеңнің кетпесін деп құсы адасып», – деген бұлтартпайтын дәлелмен жеткізеді. Хош делік, қазіргі заман, онда да космонавтика тақырыбына алғашқы түрлен салған жаңашылдығымен, қазақ даласының өткені мен бүгінгі тарихына терең бойлай білуімен, эпикалық кең ауқымдылығымен, көркемдік шеберлігімен ерекшеленген бұл туынды қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс болды десек, асыра айтқандығымыз емес. Сөзіміз әсіреқызыл да сырғақ болмас үшін аталған поэманиң өзге туындылардан ерекшеленетін көркемдік жақтарына аз-кем тоқталайықшы.

Нардың, тіпті оны айтасыз, космос дәуірінің жүгін қалам қуатымен ар, намыс биігіне дейін көтере білген поэма: «Исақұл мен ақын», «Байқоңыр таңы», «Космоста – Гагарин», «Исақұл мен Қорқыт ата», «Бұл жолдың басы бар да, жоқ ақыры» атты бес тараудан түрады. Діттеген ойымызға жету және дауылпаз ақынның Байқоңыр тақырыбын аспандата көтерудегі мақсат-мұратына қанығу үшін осы тарауларға азды-көпті сипаттама беріп, талдау жасап көрейікші.

Поэманиң беташары саналатын «Исақұл мен ақын» тарауын ел сенімін арқалаған ақынның қисынын таба отырып, «Түрксіб шпалдары, бесжылдықтар бүгінгі «Байқоңырдың баспалдағы», – деп тұздықтата жеткізген идеясының ашылар кілті, сатыланып жалғасып кетер баспалдағы десе болады. Ал сол алғашқы бесжылдықтың бел баласы – Түрксіб болат жолының құрылышына қатысып, шпалын төсескен ақсақалдың бірі – 75 жастағы Исақұл қария. Бертінде Мойынты-Шу шойын жолын салуға қатысқан. Төрт жыл майданың өтінде болған. Әлемді таңдандырып, Байқоңырдан ұшырылған алғашқы жер серігі мен «Восток-1» космос кораблінің куәгері. Заңғар көкке тұңғыш рет көтерілген Юрий Гагаринді жүзбе-жүз көрген жан. Өмір дерегі бай, өсіп-өнген өнегелі жан. Ақын қадірменді ақсақалдың образын ашу тұсында «Есімде әр сөзің, бет құбылысың, куәгер бір ғасырға қыр ұлысың. Көрдің сен жер тістеген мешеулікті, жастардың жаңа дүние құрылышың» деп суреттейді.

Орынды жерінде әңгіменің желісіне берілген автор да ағынан ақтарылып: «Милионның бір басқышы Байқоңырдың, кім білген поэзия толы шығар» деуі арқылы осы бір игілікті істе қаламгер

ағайындардың да үлесі бар дегенді қисындарды. Космонавт аталуының космосқа артық жүк апаруы қыын. Ал есесіне жүрекке сыйған жырды апаруы оңай дей келіп, поэзияның адам өміріндегі алар орнын аспандатады.

Дастанның «Байқоңыр таңы» тарауы «Апрель. Он екісі. Таң да жуық» деп басталады да, дала қойнынан жарқ етіп атылған бөлек таңнан космос кораблінің ұшынан хабардар етеді. Ол дегеніңіз, казақ аспанынан шыққан кесек күн еді дейді. Қыраттағы жалғыз тұлға – ғарышқа самағалы тұрған космос кораблі екеніндігін жеткізеді. Старт алаңының жанындағы сіріңкенің қорабындағы екі үйшіктегі бөлме конструктор С.Королевтің бақылау орны екеніндігін айтады. Сонау 1961 жылғы 12 сәуір – тұңғыш космос таңының атуы, космос дегеніміз – Королев, сосын Гагарин деген ұғым екенін шегелей түседі. Құлагердің шабысындағы шабытқа берілген ақын қызды-қыздымен қиялға беріліп, «Қонады Луноход Айға барып, жетеді корабльдер Шолпанға да» деп адамзат ақыл ойының шарықтап өсе беретініне шұбә келтірмейді. «Доп емес, жер мәңгілік тіршілік ол, дүниеде құш жоқ сені қорқытатын. Жер – Ана, біз, адамзат тұлегіміз, үстінде еңбегіміз, тілегіміз» деген ақын адамзат атаулыны жер бесігімізді сақтай білуге шақырады.

### **«ЖЕР-ЖҮРЕК ӨЛМЕЙДІ ДЕ, СӨНБЕЙДІ ДЕ...»**

«Кеткендей жер қарқырап, тау жарылып, алапат асты-ұстіне аударылып» деген автор Исақұл қариямен осы бөлімде қайта табысады. Космос кораблінің заңғар көкке ұшын ардақты ақсақалдың түйсігімен «Искең «е» деген мұртын сипап қойды, әкелді не болжамға, қайда көңіл» деп жеткізеді.

Әуе кораблінің ішінде жерге, оның сұлулығына танырқаған Юра, ал жерде көкке көз тігіп, қиялға берілген Исақұл қария тұр. Ақын осы тұстағы тебіренісін: «Секілді адам» деген сөз қайда да, бір-ақ ат, бір-ақ мақтан, бір-ақ міндет» деп жеткізе отырып: «Қуандық қол мен мидың құдіреті үшін, ел үшін, жаңа ерлікке жаршы, адамзат» деуі арқылы толқиды, шаттанады, ризашылық сезімін білдіреді. Адамзат баласының тұңғыш рет космосқа ұшқаны туралы, дүниені дүр сілкіндірген, радиодан жер шарына тараған хабарындағы «Байқоңыр космодромынан ұшты» деуі Исақұлдай тарланың құлағына жағады. Қазақ жерінің аты эфирде аталғанда кеудесінде мақтаныш сезімі оянады. Зулап орбитаға шыққан Гагариннің: «Ғажап!» (Прекрасно!) деп жерге қайран қалуын қалт жібермеген ақын Гагаринге «Космостың тұңғыш жиһангезі», – деп баға береді. Миллиардтаған адам өмір сүріп отырған жерді өмірге, Анаға балайды. «Жер-жүрек өлмейді де, сөнбейді де, жармасса жауыздықтың запыраны», – деп түйінді сөзін айтады.

Құлашының кеңдігімен, нөсер жауындағы тәкпелігімен, дауылпаздығымен, төкпе жырда құйындана шаба білетіндігімен қазақ поэзиясының Құлагері атанған Ілияс ақынның үрдісін жалғастыруши Жұбан Молдағалиевтің тапқырлығы сол – дастаның төртінші

бөлімінде бұдан мың жыл бұрын жасаған Қорқыт бабаны тарих сахнасына алып шығады.

Байқоңыр баспалдақтарын қаласқан, еңбектің аңы дәмін, сұрапыл соғыстың зардабын тартқан Исақұл қарияға: «Мен, балам, Қорқыт атаңмын», – деді сол мұнды қобыз – үн» деп іштей тілдестіреді. Ал кейінгі ұрпағының қамын жатпай-тұрмай ойлаған, осы жолда қырық жыл бойы ажалдан қашып жүрген Қорқыт баба іштегі сырын сақтаған лебізінде. «Желмая мініп, ақ таң бол, іздедім бақыт Жерұйық» деп тұн үйкесін төрт бөлгені, әйтсе де «Өлім аш, өмір тоқ екен» деген байламға келгенін де жасырмайды. Бұл кестелі ойды ақын «Керуен жылдар көшеді, ұрпақтар өсіп-өнеді» деп толықтыра, жетілдіре түседі. Келесі бір сәтінде «Байқоңыр сондай бір қазық, сүйемі қазақ жерінің» деген жолдармен ғарыш айлағының қазақ топырағына ірге тепкенін мақтаныш сезімі арқылы білдіреді. Осы тараудағы айтылар ойды «Ұлы елдің алақанында, Байқоңыр жаңа ақырық» деп түйіндейді.

### **«БҰЛ ЖОЛДЫҢ БАСЫ БАР Да, ЖОҚ АҚЫРЫ»**

Дастанның «Бұл жолдың басы бар да, жоқ ақыры» тарауы ақырық қазақ ақынының ғарыш тақырыбына арнаған кесек шығармасының түйіні десе болғандай. Негізінен мұнда космосқа тұнғыш адам ұшқан 1961 жылдан кейінгі, 1977 жылға дейінгі аралықтағы Байқоңыр ғарыш айлағының бедерлі бейнесі суреттеледі.

Автор осы тарауда басты кейіпкер Исақұл қариямен қайта табысады. «Қалды есте қария да – Исақұл ма? Қонаққа тарту болып домбырасы» деп бірінші тараудағы дастарқан басындағы жарасымды отырысты еске түсіріп кетеді. Қазақтың жаны саналатын домбыраға сипаттама береді. Дастанның аяқталар тұсындағы «Бұл жолдың басы бар да, жоқ ақыры, космосқа мәңгі Адамның қол артты ұлы» деген жолдар арқылы космос тақырыбына арналған беташар дастан енді ғана бас-талды, ол әрі қарай жалғасын табады деген ойды меңзейді. Атамекен жұртының, тау мен тасының ыстық болатындығын, оған қашан да тәнті екенін «Қазақта құтсыз, құнсыз жер жоқ екен, бәтшағар Бетпақта да гүл атады екен» деп туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіреді. Ақын аталған дастан, көтерген тақырып табиғатын одан әрі қарай жұмбақтауды артық санап: «Космостан жерді көру арман», – дейсің – қанат қып Байқоңырдың баспалдағын. Берейік мұны ұрпаққа, өрен ұлға-ақ, әйтеуір қазақтың көрері хақ» деп ішкі арманын жайып салады. Ел ертеңіне ақынның сонау 1977 жылдың өзінде алдағы күндерге үміт артып, сәуегейлік танытқаны араға 14 жыл салып шындыққа айналады. Кереметті қараңыз, 1991 жылдың күзінде қазақтың ержүрек батыр ұлы Тоқтар Әубәкіров космосқа сапар шегеді. Ұзамай-ақ қазақ ғарышкерлері қатарын толықтырған Талғат Мұсабаев ғарыш кеңістігінде Абайдың «Айттым сәлем, қаламқас» әнін шырқады. Қазақ ғарышкерлері қатарын енді бір топ дарынды жас толықтырғалы отырғаны да дәтке қуат. Ал 2006 жылдың ортасында қазақтың тұнғыш жер серігінің космосқа көтерілуі

елеулі тарихи оқиға болып саналады. Автор аталған дастанын «Космос – ол майданы емес бәсекелі» деген түйінді, салмақты да тұжырымды ойымен аяқтайды, қорытындылайды.

### **ИШАНҚҰЛ АТА ТУРАЛЫ СЫР**

Ақының ақын Жұбан Молдағалиев дастанының басты кейіпкері – 75 жастағы Исақұлға қой көзді, еңселі бойлы, кең иықты, құбаша жүзді, саусақтары тобылғы топшысындей, жұдырығы томардай деп сипаттама береді. Жан дүниесінің дархандығын төртеуінің (горком хатшысы, генерал, ақын мен кейіпкер) басы қосылған дастарқан ұстіндегі ниет ықыласы мен сөз саптауы арқылы жеткізеді. Прототипі – Ишанқұл Дәuletov Сыр өңірінің төл тумасы. Мағыналы ғұмырын темір жол құрылысына арнаған, құрыш білекті теміржолшы. Әу басында Түрксіб, бертін келе Мойынты-Шу шойын жолын салу құрылысына қатысқан. Кейінгі ірге тепкен жері – Байқоңыр айлағындағы Төретам темір жол бекеті. Аталған бекет Қызылорда облысы Қазалы мен Қармақшы аудандарының дәл ортасына, күй атасы Қорқыт бабасының кілеммен жүзген Сыр Ананың жағасына орналасқан. Жиырмасыншы ғасырдың құрдасы саналатын Ишанқұл қария ел мен жердің тарихына бала жасынан қанығып өседі. Есейген шағында төрт жыл қан майданның дәл ортасында болады. Шойын жолдың бойындағы, онда да Төретам стансасындағы еңбек жолын жалғастырады, зейнеткерлікке шығады. Байқоңыр ғарыш айлағын қалай игерілгенінің жанды куәгері. Алланың берген ризығымен жақсы жасап, жақсы қартаяды. Бәйбішесі Қаншайым екеуі екі ұл, төрт қызы тәрбиелеп өсіреді. Осы екі ұлдың біреуі – Дабыл Дәuletov әке жолын қуып, теміржолшы атанды. Дәuletov Дабыл Ишанқұлұлы (марқұм) кейінгі жиырма жылдың бедерінде ұл-қыздарым алысқа сабылмай, жақын жерде оқысын деген мақсатпен Төретам стансасынан қоныс аударып, Алматының іргесіндегі Қайрат стансасына (Іле ауданы) ірге тебеді. Осылайша Сыр перзенті Жетісу перзенті атанады. Ұзақ жыл Байсерке стансасында бекет кезекшісі болып жұмыс істейді. Бертінде зейнеткерлікке шығады. Тындаған құлаққа Дабыл ағаның да Байқоңыр жайлы, жоғарыдағы дастанның жазылу тарихы жайлы айтары, бөлісер сырьы мол-ақ еді, әттең... Бір кем дүние.

### **ТҮЙІН**

Коммунистік партияның кіші ұлттардың аузын аштырмайтын өктем идеологиясы дәуірлеп тұрған тұста мың өліп, мың тірілген халықтың перзентімін, «Мен қазақпын» деп жар салған, кешегі қанға бөккен Желтоқсан оқиғасының күнәшары Г.Колбинге кемшілігін тайсалмай бетіне шыжғырып басқан арынды ақын Жұбан Молдағалиевтің жоғарыдағы дастанында аталған ғарыш айлағына – 68 жыл, тұңғыш адам Ю.А.Гагариннің космосқа үшқанына 62 жыл толып отырған тұста қайталай ой сарабынан өткізудегі мақсат – майдангер азамат, Жұбан ақын мен оның басты кейіпкері, тарлан теміржолшы Ишанқұл ақсақалдың рухына тағы

**бір бас ию болатын. Қөшілікке мәлім, 2005 жылы Қазақстан мен Ресей Президенттерінің қатысуымен Байқоңыр ғарыш айлағының елу жылдық мерекесі Байқоңыр қаласында жоғары мәндеге атальп өтті. Осы достық кездесу түнғыш жер серігі ұшырылған сэтте де қайталанды. Мемлекет басшылары аузынан Қазақстанның бүгінгі таңда космос державасына айналғаны мақтаныш сезіммен айтылды. Ғарышкерлер қатары бертінде жетісулық Айдын Айымбетовпен толыққаны мақтаныш.**